

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 125 (9187)

1953 жылғы 25 июнь Бейсенбі

Шығуына 34 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССР Одағы Министрлер Советі ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін шығарды.

Облысымыздың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, колхозшылары мен колхозшы әйелдері, совет интеллигенттері — барлық еңбекшілері, жаңа заемға бірің қалмастан жазылыңдар!

Жаңа заемды таратуды зор ұйымшылдықпен өткізейік!

Жаңа заемға жазылмаған бірде-бір еңбекші қалмасын!

КОММУНИСТІК ҚҰРЫЛЫС ЗАЕМЫ

Газетіміздің бүгінгі санында ССРО Министрлер Советінің «ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін шығару туралы» (1953 жылы шығарылған) қаулысы жарияланып отыр. Жаңа заем — сталиндік бесінші бесжылдықтың үшінші жылының заемы өткен жылғыдан екі есе кем, 15 миллиард сом мөлшерінде белгіленді. Мұның өзі социалистік Отанымыздың күш-қуатының, советтік сомның күн санап нығайып отырғанын тағы бір рет бүкіл әлем алдында дәлелдеп, салтанат етеді.

Облысымыздың жұмысшылары мен шаруалары және интеллигенттері, бүкіл совет халқы сыяқты, туысқан үкметіміздің жаңа заем шығару жөніндегі қаулысын асқан зор саяси және өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Өйткені, совет адамдары, бұрынғы заемдар сыяқты, еліміздің халық шаруашылығын өркендету жөніндегі мемлекеттік жаңа заем да халық мүддесіне жұмсалатындығын жақсы біледі.

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жаңа заемнан түскен қаржы мемлекеттік бюджеттің кірісі болып табылады. Ол бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген шаруашылық және мәдени құрылыс міндеттерін жүзеге асыру, елімізде коммунизмнің ұлы құрылыстарын салуға, өнеркәсіпті, транспортты, социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі дамыту мақсатына, мектептердің, мәдениет үйлерінің ауруханалар мен демалыс орындарының кең көлемде өрістетілетін құрылыстарына жұмсалады. Сонымен қабат, совет адамдары мемлекеттік заемдардың ұтысынан көптеп пайда табады.

Коммунистік партия мен совет үкметінің данышпандық саясатының нәтижесінде социалистік Отанымыздың экономикасы мен мәдениеті бұрын-соңды болып көрмеген қарқынмен өркендеуде. Сталин-

ның нәтижесінде 1953 жылы бірінші тоқсанның мемлекеттік жоспарын орындауда зор табыстарға ие болдық.

Елімізде халық шаруашылығының үздіксіз алып қарқынмен өркендеуі нәтижесінде еңбекшілердің әл-ауқат және мәдени тұрмысы барған сайын жақсара беруде. Мұны соғыстан кейінгі жылдарда өнеркәсіп және азық-түлік товарларына мемлекеттік бөлшек сауда бағаларының 6 рет кемітілуінен айқын көруге болады. Біздің елімізде бағаны кеміту жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалақысын және шаруалардың табысын үнемі арттырудың ең басты құралы болып отыр. Бағаны кемітудің сталиндік саясатының жыл сайын жүзеге асырылуы еңбекшілер бұқарасына миллиондаған сом пайда келтіруде. Өнеркәсіп және азық-түлік товарларының бағасының бйылғы кемуінен ғана халықтың көретін пайдасы кемінде 53 миллиард сом болғалы отыр.

«Ішкі саясат саласында біздің негізгі қамқорлық жасайтын басты ісіміз,—дейді Г. М. Маленков жолдас,—жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын онан әрі үздіксіз жақсарту тусу. Халықтың игілігіне, оның материалдық және мәдени керектерін барынша толық қанағаттандыруға үздіксіз қамқорлық жасау міндеті біздің партия мен үкмет үшін заң болып табылады».

Міне, сондықтан да совет халқы өзінің туысқан партиясы мен үкметінің төдірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, социалистік Отанымыздың экономикасы мен мәдениетін нығайту жолында стахановші еңбек етуде. Біздің елімізде коммунистік құрылыс негізінен мемлекеттік бюджет есебінен жүзеге асырылады. Сонымен қабат, құрылыс жұмыстарына мемлекет заем ретінде еңбекшілердің қаржыларын да

ССРО Министрлер Советінде

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін шығару туралы (1953 жылы шығарылған)

ССРО-ны өркендетудің бесінші бесжылдық жоспарын жүзеге асыру жөніндегі шараларды қаржыландыру үшін халық қаржысын қатыстыру мақсатымен ССР Одағының Министрлер Советі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін (1953 жылы шығарылған) шығарылсын, оның сомасы 15 миллиард сом, мерзімі 20 жыл болсын.

2. Заемның облигациялары және олардың ұтыстары мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдардан босатылсын.

3. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін (1953 жылы шығарылған) шығарудың ССРО Финанс министрлігі тапсырған шарттары бекітілсін.

ССРО Министрлер Советі 1953 жылы 24 июньде бекіткен

ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемінің шығарылу шарттары (1953 жылы шығарылған)

1. ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемі (1953 жылы шығарылған) 1953 жылғы 1 октябрьден бастап 1973 жылғы 1 октябрьге дейінгі мерзімге шығарылады.

2. Заем тек халық арасында таратуға ғана арналған. Заемды тарату тәртібін ССРО Финанс министрлігі белгілейді.

3. Заем разрядтарға бөлінеді; әрбір разрядта 100 миллион сомнан болады.

Әрбір разрядта 20000 серия болады. Әрбір разрядтың сериясында № 140001 ден № 160000-ға дейін номері болады.

Әрбір серияның облигацияларының № 01-ден 50-ге дейін номері болады.

4. Заем облигациялары 500,200,100,50 және 10 сомдық болып шығарылады.

500 және 200 сомдық облигациялардың өздері тиісінше бір серияның бес немесе екі жүз сомдық облигацияларына құралады, бес немесе екі номері болады және бес немесе екі ұтыс алуға право бо-

лады. Ұтыс шыққан облигация өтеледі де, содан былайғы тираждардан шығарылады.

Заемның ұтыс мөлшері жүз сомдық облигацияға, облигацияның өз құнын қоса есептегенде (жүз сом), 10.000, 5.000, 1.000, 500 және 200 сомдық болып белгіленеді.

6. Заемның жыйырма жылдық мерзімі ішінде 40 ұтыс тиражды өткізіледі —

жыл сайын екі ұтыс тиражды болып тұрады.

Ұтыс тираждары 1954 жылдан бастап, ССРО Финанс министрлігі белгілеген мерзімде өткізіліп тұрады.

7. Әрбір ұтыс тиражында заемның әрбір разрядына, яғни, заемның әрбір жүз миллион сомына мынадай мөлшерде ұтыс шығады:

Ойналатын ұтыстар саны

Облигацияның өз құнын қоса есептегенде 100 сомдық облигацияға шығатын ұтыстардың мөлшері	Бір тиражда	40 тиражда
10.000 сом	1	40
5.000 сом	10	400
1.000 сом	50	2.000
500 сом	500	20.000
200 сом	8.189	327.560

Туған Отанымыз нығайып, гүлдене берсін!

Қаладағы С. М. Киров атындағы заводтың жұмысшылары Совет Үкметінің 1953 жылғы жаңа заемды шығару туралы қаулысын зор қуаныш үстінде қарсы алды. Олар совет заемдарының шаруашылығымыз бен мәдениетіміздің қарқындап өсуіне көмектесетіндігін, Отанымыздың хауіпсіздігін нығайта беретіндігін жақсы түсінеді.

Заводтың барлық цехтарында патриоттық зор өрлеу үстінде жаңа заемның шығуына арналған митингтер болды. Митингіде шығып сөз сөйлеушілер жаңа заемның ұлы құрылыстар мен азаматтық құрылыстарды ұлғайтуға жұмсалатындығын айтып, патриоттық сөздер сөйледі. № 3 цехта болған митингіде цех мастері, стахановшы Ф. Еременко сөз сөйлеп, былай деді:

—Коммунистік партия мен Совет Үкметі совет халқының әл-ауқаты мен мәдениетінің өсуіне күнбе-күн қамқорлық жасап отырады. Бұл қамқорлықты біздің заводтың әрбір жұмысшысы сезініп отыр. Жақында болып өткен өнеркәсіп және азық-түлік товарлары бағаларының алтыншы рет кемітілуі бұған толық дәлел бола алады.

№ 13 цехта стахановшы Иващенко жолдас бүкіл цех жұмысшыларын заемға ұйымшылдықпен жазылуға шақырды. Сол сыяқты, осы цехтың мастері Тюменов жолдас митингіде сөз сөйлеп, былай деді:

—Мен жыл сайын заемға белсене жазыламын. Заемның бейбіт құрылыстарға жұмсалатынын жақсы білемін. Совет заемы оны ұстаушыларға да көп пайда келтіреді. Оған үстіміздегі жылы біздің завод жұмысшыларының алған заем ұтыстары толық дәлел бола алады.

Митингіден кейін жұмысшылар жаппай заемға жазылуға кірісті. № 3 цехта тек 30 минуттың ішінде 37 жұмысшы 10

дік бесінші бесжылдықтың міндеттері халық шаруашылығының барлық саласында ойдағыдай жүзеге асырылуда. Өткен жылы біздің еліміздің өнеркәсіп орындары жалпы өнім шығару жөніндегі жылдық жоспарды асыра орындады. ССРО-ның бүкіл өнеркәсібінің жалпы өнімі 1951 жылғыдан 11 процент өсті. Әсіресе, шойын, болат, прокат, мұнай, электр қуаты сыяқты өнеркәсіп өнімінің аса маңызы турлері көптеп өндірілді. Осы сыяқты, 1952 жылы көпшілік тұтынатын өнеркәсіп және азық-түлік товарлары халқымыздың өскелең талабына сәйкес өндірілді.

Социалистік ауыл шаруашылығының еңбекшілері бесінші бесжылдықтың міндеттерін орындай отырып, зор табыстарға ие болуда. Өткен жылы дәнді және техникалық дақылдардан 8 миллиард пұт өнім алынды. Соның ішінде бидайдың жалпы түсімі 1951 жылғыдан 23 процент артты. Осы сыяқты, техникалық дақылдардан, маргон пен омыртқан анағұрлым мол өнім алынды. Ауыл шаруашылығының техникалық базасы онан әрі нығайды. 1952 жылы еліміздің колхоздары мен совхоздары 131 мың трактор, 41 мың комбайндар, 57 мың жүк тасыйтын автомашиналар және басқа 2 миллионнан астам түрлі машиналар мен құралдар алды.

Совет халқы өткен жылдың табыстарын баянды ете отырып, халық шаруашылығының барлық саласында үстеміздегі жылдың өндірістік тапсырмаларын орындау жолындағы социалистік жарысты күннен-күнге кеңінен өрістетуде. Осы-

Былғары жасаушылардың үлесі

ССРО-ның халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемін (1953 жылы шығарылған) шығару туралы хабарды Петропавлдың Октябрь революциясы атындағы былғары зауытының коллективі де зор өрлеумен қарсы алды. Жаңа заемнің шығарылуы туралы хабарды радио арқылы естігеннен кейін жұмысшылар мен қызметкерлер завод орамы ішіндегі үлкен егілген алаңға митингіге жыйналды.

Митингіде сөз сөйлеген жұмысшылар мен қызметшілер еліміздің халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемінің шығарылуы туралы хабарды қуанышпен қарсы алғандықтарын және заемді тарату ісіне белсене қатысып, Отанымыздың экономикалық күш-қуатын онан сайын арттыра беруге үлес қосуға әзір екендіктерін білдірді.

Заводтың маңдай алды стахановшысы, күнделікті жұмыс нормасын 1,5 еседен орындап жүрген токарь Ф. С. Бесов жолдас өзінің сөзінде былай деді:

—Партиямыздың тарихи XIX съезі еліміздің халық шаруашылығын жаңадан күшті қарқынмен өркендету және еңбекші бұқараның әл-ауқат дәрежесін бұрынғыдан да арттыра беру жөнінде орасан зор міндеттер қойды. Біз, совет адамдары, Коммунистік партиямыздың басшылығы

қатыстырады. Сондықтан еліміздің еңбекшілері мемлекеттік заемға зор белсенділікпен жазылады. Халық шаруашылығын өркендетудің жаңа заемі бесінші бесжылдықтың үшінші жылында қойылып отырған міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру ісін тездетеді. Осы себепті қолхозшылар мен жұмысшылар, интеллигенттер жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылып, еселеген жігермен еңбек етеді.

Капитал елдерінде, әсіресе, АҚШ және Англия сыяқты империалистік елдерде заем халық мақсаты үшін емес, ат төбеліндей қанаушы таптардың мүддесі үшін, жаңа соғыс өрнін тұтату үшін шығарылады. Оларда соғыс шығыны барған сайын көбейіп, еңбекшілер бұқарасы жұмыссыздыққа, аштыққа ұшырауда.

Бүкіл прогресшіл адамзат бейбітшілік үшін күресті барған сайын күшейту арқылы империалистік елдердің агрессивті саясатын батыл әшкерелеуде. ССРО бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік үшін күрестің тірегі болып отыр.

Совет адамдары жаңа заемға біркәсідей жазылу арқылы бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі—социалистік Отанымыздың күш-қуатын онан әрі нығайта береді.

Жаңа заемға жазу—шаруашылық және саяси маңызы зор науқан. Партия, Кәсіподақ, комсомол ұйымдары, совет орындары жаңа заемді тарату жөнінде ұйымдастыру және үгіт-бұқаралық жұмысты кеңінен жүргізуге тиіс. Жаңа заемға жұмысшыларды, колхозшылар мен интеллигенттерді және басқа да барлық еңбекшілерді толық қамтыық!

арқасында бейбіт жемісті еңбегімізбен бұл міндеттерді жүзеге асыраудамыз. Жаңа заем партияның тарихи съезі алға қойған жаңа міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыру мақсатын көздейді. Мен заемға шын ықыласпен жазыламын және бүкіл коллективті заемді тарату ісіне белсене қатысуға шақырамын.

Будан кейін цех мастері Я. Хамидуллин жолдас сөз алды.

—Жаңа бесжылдықта, — деді ол, — күрделі құрылыстар жөнінде аса зор міндеттер алға қойылып отыр. Бұл міндеттерді ойдағыдай жүзеге асыруға үстеміздегі жылы шығарылып отырған Мемлекеттік жаңа заемнің тигізетін көмегі өте зор. Советтік заем—халықтық заем. Өйткені, ол халық мүддесі үшін жұмсалады.

Сөз алып сөйлеген жұмысшы Д. Антошенко, цех бастығы А. Елагина және басқа жолдастар да заемді тарату ісіне белсене қатысатындықтарын, сонымен бірге, завод коллективі арасында өндірістік жоспарды толық және артығымен орындау жолындағы социалистік жарысты өрістеті беретіндігін айтты.

Митингтен кейін заемға жазылу басталды. Азғана уақыттың ішінде бір сменадағы жұмысшылар заемға түгел жазылды. **М. ҚАЛАУОВ.**

реді, ұтыс облигацияда көрсетілген номерлердің әрқайсысына бір мезгілде шығады.

50,25 және 10 сомдық облигациялар жүз сомдық облигациялардың бөлімшесі болып табылады. Бұлар жүз сомдық облигацияға шыққан ұтыстың тиісті үлесін ($\frac{1}{2}$, $\frac{1}{4}$, $\frac{1}{10}$) алуға право береді.

5. Заем облигацияларынан түсетін барлық кіріс ұтыс түрінде төленеді.

Ұтыстың жалпы сомасы заемның жыйырма жылдық мерзімінің ішінде орта есеппен жылына 3 процент есебінен белгіленеді.

Заемның жыйырма жылдық мерзімі ішінде барлық облигациялардың 35 проценті ұтады, облигациялардың қалған 65 процентіне өз құны төленеді.

Ұйымшылдықпен жазылды

Бешкі сағат жетіжарымда облыстық тұтынушылар одағы мекемесінің коллективі ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемін жаңадан шығару туралы ССРО Министрлер Советінің қаулысына арналған жыйналысқа келді.

Жыйналысты облыстық тұтынушылар одағының председатели Писеуков жолдас ашты. Ол өзінің сөзінде туысқан партиямыз бен үкметіміздің басшылығымен хал-

қымыздың мәдениетінің күннен-күнге қарыштап алға басқандығын айтып өтті. Ол сөзінің қорытындысында:

—Жаңа заемнің шығуы еліміздің дәулетін онан әрі арттырып, зәулім үйлер мен мәдени мекемелер санын көбейтеді, — деді.

Жыйналыста сөз сөйлеген Подалык жолдас партияның XIX съезінде қабылданған директиваларды мүлтіксіз орындап, еңбек өнімділігін арттыра беруге шақырды.

Ұтыстың жалпы сомасы 1.997.800 (сом есебімен)

8. Ұтпаған облигацияларға 1958 жылғы 1 октябрьден бастап заем мерзімінің аяқталуына дейін қалған 15 жыл ішінде олардың өз құны төленеді (сатып алынады).

Заемның әрбір 100 миллион сомына жыл сайын: 1958 — 1963 жылдары 1.000.000 сомнан, 1964 — 1968 жылдары 1.900.000 сомнан, 1969—1973 жылдары 9.900.000 сомнан сатып алынып тұрады.

1958 — 1972 жылдары сатып алынуға жататын заемның облигациялары жыл сайын өткізілетін өтеу тиражы арқылы

79.912.000

белгіленеді. Өтеу тираждарын өткізу мерзімдерін ССРО Финанс министрлігі белгілеп отырады.

Өтеу тираждарында шықпаған облигациялар 1973 жылғы 1 октябрьден бастап сатып алынады.

9. Ұтыс шыққан облигацияларға, сол сыяқты өз құны бойынша сатып алынуға жататын облигацияларға 1974 жылғы 1 октябрьге дейін ақша алуға болады. Бұл мерзім өткеннен кейін ақша алуға ұсынылмаған облигация күшін жояды да оған ақша төленбейді.

ССРО Финанс министрі **А. ЗВЕРЕВ.**

Партия ұйымы секретарының орынбасары Ахметов жолдас өзінің сөзінде жаңа заемға жазылумен бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілікті нығайту ісіне келелі үлес қосуға шақырды. Бұл сөздерді жыйналысқа келгендер қолшанаалақтаумен қарсы алды.

Жыйналыстан кейін облыстық тұтынушылар одағының коллективі жаңа заемға ұйымшылдықпен жазыла бастады.

М. БАЙҚАНОВ.

мың сомға жуық сомға жазылды. Заводтың барлық цехтарында да жаңа заемға жазылу жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

М. НҮРПЕЙISOB.

Ауыл-село еңбекшілерінің белсенділігі

БОГОЛНОВО. (Телефон арқылы алынды). Приешім ауданының колхозшылары мен колхозшы әйелдері, МТС, совхоз жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, ауыл шаруашылығының мамандары ССРО Министрлер Советінің халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік жаңа заемін шығару туралы қаулысын өндірістік зор өрлеу үстінде қарсы алып, оған зор белсенділікпен жазылуда.

Бешкі сағат 7. Ленин атындағы МТС-тің жөндеу мастерскойіне жүзге жуық механикаторлар, токарьлар мен слесарьлар жыйналды. Олар радио арқылы үкмет қаулысын зор ынтамен тыңдады. Радио хабары аяқталғаннан кейін жаңа заемға жазылу жөнінде митингі болды.

Митингіде алғашқы сөзді МТС-тің алақты комбайншысы П. Белокопытов жолдас алды. Ол өткен жылы «Сталинец» қос комбайнмен 1400 гектар жердің егінін орып, мыңдаған центнер астық бастырғанды. Кәзір Белокопытов жолдас өзі жұмыс істейтін комбайнды жөндеуден сапалы өткізіп, басқа жолдастарына көмектесуде.

—Туысқан үкметіміз Мемлекеттік жаңа заем шығару туралы қаулы қабылдады. Бұл біз үшін, совет адамдары үшін зор қуаныш. Өйткені, біздің заемға берген қаржымыз халық игілігіне жұмсалады, — деді ол.

Мұнан кейін сөз сөйлеген токарь Кузьменко, темір ұстасы Грищенко және басқа жолдастар Коммунистік партия мен Совет Үкметіне деген сүйіспеншіліктерін білдіре келіп, Мемлекеттік заемға бірауыздан жазылу жөнінде тілек білдірді. МТС механикаторлары жаңа заемға ұйымшылдықпен жазылумен бірге, комбайндарды және басқа өгін жыйнайтын машиналарды қысқа мерзімде жөндеуден сапалы өткізу жөнінде социалистік міндеттемелер қабылдады.

Қаганович атындағы колхоздың құрылыс бригадасындағы колхозшылар жаңа заемға біркәсідей жазылды. Колхозшы-әйел Морозова жолдас заемға жазылып тұрып былай деді:

—Колхозшы шаруалар, бүкіл совет адамдары сыяқты, өз Отаның, бейбітшілік ісін өздерінің қажырлы еңбектерімен ғана емес, олар сонымен бірге, қаржыларымен де нығайтады.

Ауданның барлық ауыл-селоларында Мемлекеттік жаңа заемға жазылу саяси зор өрлеу үстінде өтуде.



ССРО халық шаруашылығын өркендетудің Мемлекеттік заемінің (1953 жылы шығарылған) жүз сомдық облигациясының үлгісі.

ПАРТИЯ ТАҚЫРЫБЫНА

Партия комитетінің пленумы

Партия комитеттері — коллегиялы басшылық орны. Қалалық және аудандық партия комитеттерінің пленумдарында қала немесе аудан партия ұйымының өмірінің және жұмысының барлық маңызды мәселелері талқылануы шаруашылық және мәдени құрылысқа партиялық коллегиялы басшылық жасаудың жарқын бейнесі болып табылады.

1952 жылы өткен партия конференцияларында партия комитеттерінің құрамына партия және совет қызметкерлері, алдыңғы қатарлы жұмысшылар мен колхозшылар, инженерлер және ауыл шаруашылығының мамандары, оқытушылар, дәрігерлер және мәдениет қызметкерлері сайланды. Партия комитетінің құрамына сайлаушылардың тәжірибелері мен білім дәрежелерінің әртүрлі болуы нәтижесінде пленум қаланың, ауданның шаруашылық және мәдени өмірінің қай мәселесін болсын істің жайын нақтылы білу арқылы дұрыс шеше алады.

Қалалық немесе аудандық партия комитеті коллегиялы басшылықтың орны болуы үшін, оның мүшелерінің тәжірибелері мен білімдерін толық пайдалану үшін пленумдарды кезінде шақырып, оның талқылауына ең маңызды мәселелерді қойып отыру қажет. Өткен жылы қалалық және бірқатар аудандық партия комитеттері пленумдарды өткізу жөніндегі мерзімі бұрмалан келді. Мысалы, Петропавл қалалық, Мамлют және Соколов аудандық партия комитеттері 1952 жылы небары төрт-ақ реттен пленум өткізді, мұның өзінің біреуі ұйымдастыру мәселелеріне арналды.

Мұндай практика және басқа аудандық партия комитеттерінде де жоқ емес. Мұның өзі коллегиялы басшылықтың маңызын кемітіп, партия комитеттерінің жұмысындағы кемшіліктердің бүркемеленуіне әсер етті. Пленумдарда талқыланған мәселелердің сынағы туралы айтқанда қалалық және аудандық партия комитеттерінің пленумының күн тәртібіне партия ұйымдарының өмірінен алынған мәселелерді қою жөніндегі инициативасы жеткіліксіз болып келгенін жасыруға болмайды. Пленумдарда көбінесе тек облыстық партия комитетінің ұсынған мәселелері талқыланып келді. Осы себепті Петропавл, Полудень сыяқты аудандық партия комитеттері өткен жылы пленумдарда кадрлармен жұмыс, социалистік жарысқа басшылық, халық ағарту, комсомол және кәсіподақ жұмысы жөніндегі мәселелерді қарай алмады. Ал, Октябрь аудандық партия комитеті партиялық-саяси жұмыстың жайы туралы бірде-бір мәселе қарамады.

СОКП-ның Уставы қабылданғаннан бергі

көңіл аударарлықтай. Бұларда пленумының әзірлік мәселесі жергілікті жердегі жағдайды нақтылы зерттеп білу ісімен ұштастырыла жүргізіледі. Бұл жұмысқа партия комитеттерінің мүшелері мен партия активтері көптеп қатыстырылады.

Петропавл шаровоз депосының партия ұйымының есебін қалалық комитеттің пленумына әзірлегенде қалалық партия комитетінің мүшелері мен қалалық партия активінің есебінен бұл партия ұйымына көптеген адамдар жіберілді. Бұлардан басқа депо жұмысының жеке мәселелерін тексеру үшін тәмір жол транспортының тәжірибелі мамандары қатыстырылды. Осындай тыңғылықты әзірлік пленумда партия ұйымының жұмысын дұрыс бағалауға, күн тәртібіндегі мәселені әзірлеуге қатысушылардың бағалы ұсыныстары пленумының қаулысына енгізуге қолайлы жағдай туғызды.

Преснов аудандық партия комитетінің пленумды әзірлеу және оны өткізу жөніндегі практикасы үлгі боларлықтай. Ол аудандық партия комитетінің мүшелерінің пленумының күн тәртібінде қаралатын мәселелерді екі-үш апта бұрын хабарлап, олардың әрқайсысына жергілікті партия ұйымының жұмысын тексеріп білуді тапсырады. Мұндай практика аудандық комитеттің әрбір мүшесін пленумда талқыланған мәселені шешуге белсенділігін арттырады.

Алайда, аудандық партия комитеттерінің бәрі де пленумды әзірлеу мәселесіне жете назар аударады дегуге болмайды. Аудандық партия комитеті мүшелерінің күнделікті күн тәртібіндегі мәселелермен және қаулының жобасымен таныспауы жиі кездеседі. Сондықтан олар пленумда практикалық ұсыныстар жасау мүмкіншілігімен жете пайдалана алмайды.

Пленум жұмысының дәрежесі жоғары болуы баяндамашының шеберлігіне, оның пленумға қатысушылардың назарын басты мәселеге аудару білуіне көп байланысты. Пленумда үстірт әзірленген текст бойынша баяндама жасау практикасы дұрыс емес.

Приешім аудандық партия комитетінің пленумдарының бірінде партияның XIX съезінің қарарларына байланысты ауданда идеологиялық жұмысты күшейту туралы РКП аудандық комитетінің секретары Коваленко жолдас баяндама жасады. Оның баяндамасы мазмұнсыз, цифрлар мен фактілердің тізбегі болып шықты. Рас, баяндамашы идеологиялық жұмысты өрістетпей алмай сыйраған партия ұйымдарын атап, олардың жұмысындағы кемшіліктерді көрсетті. Бірақ, ол істегі кемшіліктерге терең талдау жасамады. Сондықтан пленумға қатысушылар Коваленко жолдасның баянда-

жарысөзге шығып сөз сөйлеушілердің күн тәртібіндегі мәселе бойынша емес, басқа бір қатысы жоқ мәселелер жөнінде талқылауына жол береді. Соколов аудандық партия комитетінің пленумында РКП Орталық Комитетінің III пленумының «Партияның XIX съезінің қарарларына байланысты Республиканың МТС-тәрі мен, ММС-терінің жұмысын жақсарту шаралары туралы» қаулысын талқылағанда жарысөзде сөйлеген ауданның басшы қызметкерлері өз мекемелерінің жайы туралы ғана айтты. Аудандық финансе бөлімінің меңгерушісі Салихов жолдас колхоздардың МТС жұмыстары үшін есең айырмауы жөніндегі мәселеге тоқталды. Аудандық тұтынушылар одағының председателі Малышев жолдас товар тасу үшін транспорт жоқ деген шағым жасады. Аудандық байланыс мекемесінің бастығы Гребинюк жолдас ауданда байланыс жұмысын жолға қою үшін көмек сұрап, тілдемектікке салынды. Бұлардан басқа жолдастар да сөздерінде өздері басқарып отырған шаруашылықтардың жайын хабарлаудан асып кете алмады. Ал, пленумда МТС директорларынан бірде-бір адам сөз сөйлемеді.

Партия комитеттерінің мүшелерінің белсенділігін арттыру жөніндегі маңызды құралдардың бірі — принципті сын мен өзара сынның өріс алуы болып табылады. Алайда, кейбір басшы қызметкерлер сынды дұрыс қабылдамайды.

Полудень аудандық партия комитетінің пленумында аудандық партия комитетінің мүшесі Скопенко жолдас Аманкелді атындағы колхоздың председателі және аудандық партия комитетінің мүшесі Бегалямовтің теріс мінездерін айта келіп, аудандық партия комитеті бұл фактіге немқетті қарап отырғанын сынады. Аудандық партия комитетінің секретары Камалетдинов жолдас әділ сынды қабылдап, оған дұрыс қорытынды шығарудың орнына, Скопенко жолдасқа ауызға қағып, оның сөйлеуіне бөгет жасады. Бұл сыңға қысым жасаудың бір түрі болып табылады және аудандық комитет мүшелерінің белсенділігін төмендетеді.

Пленумдарды өткізудегі кемшіліктердің бірі оған барлық колхоз председателдерін, партия, совет активтерін түгел шақыруда болып отыр. Мысалы, февраль айында болып өткен Октябрь аудандық партия комитетінің бір пленумына 62 адам шақырылды. Ал, аудандық комитеттің мүшелері шақырылған адамдардан анағұрлым кем, — 44 адам ғана. Булаев, Соколов, Кожухов және басқа бірқатар аудандық партия комитеттері жөнінде де осыны айтпауға болмай. Мұндай жағамсыз

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясында

20 июньдегі қорытынды мәжіліс

БУДАПЕШТ, 20 июнь. (СОПА-ның арнаулы тілшісінен). Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясының қорытынды мәжілісі бүгін жапон өкілі профессор Икуо Ояманың председателдігімен ашылды. Қысқаша кіріспе сөзінде Икуо Ояма Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің кәзіргі сессиясының маңыздылығын атап өтті. Осы бірнеше күн ішінде, деді ол, талқылаудың барысында, келіссөздер принципінің барлық елдерде кең қолдау табатындығы анықталды, ал, мұның өзі бейбітшілікті қорғау жолындағы күшті науқанды өрістетуге мүмкіндік береді. Бұл сессия біздің бейбітшілік жолындағы бүкіл дүниежүзілік қозғалысымызда алға басқан үлкен қадам болмақ.

Бұдан соң сөз Бельгия делегациясының мүшесі Дассеске берілді, ол сессияға қатысушыларға Америка Құрама Штаттарында ерлі-зайыпты Розенбергтердің өлтірілуі туралы хабарлады. Соңғы минутке дейін, деді ол, біз шешім жасалады деп күттік. Мен бұл қайғылы оқиғаның менің жүрегімді қатты күйдіргенін осы мінбеден айтып

білдірмей қоя алмаймын. Мен осы арқылы біздің бәрімізге ортақ сезімді білдіремін ғой деп ойлаймын. Ерлі-зайыпты Розенбергтердің өлімі бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік принциптерінің салтанат құруы үшін біздің жауапкершілігімізді күшейтеді және бізді бұрынғыдан да табанды күресуге міндеттейді.

Сессияға қатысқандардың бәрі Дассестің хабарын орындарынан тұрып тыңдады, сөйтіп, бір минут үнсіз тұрып ерлі-зайыпты Розенбергтерді еске түсірді.

Председателдік етуші Ояма былай деді: бұл лайықсыз іс жөніндегі біздің позициямыз бәріне түсінікті.

Біздің наразылығымыз ұшан-теңіз. Біз барлық күшімізді бейбітшілік және келіссөздер үшін күреске жұмсауға және бүкіл дүние жүзіндегі жұмысымызды бұрынғыдан да кең өрістетуге тиіспіз.

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының мүшесі Габриэль д'Арбусье саяси мәселелер жөніндегі комиссияның жұмысы туралы хабарлады. Барлық ұсыныстарды, атап айтқанда, Индия делегациясының басшысы

Сокхэйдің ұсынысын зерттеп, комиссия келіссөздердің пайдасына бүкіл дүниежүзілік науқан ашу туралы декларацияның жобасын жасады.

Бұл документтің негізіне төрт идея алынды, деді д'Арбусье. Системалар мен тәртіптердің бейбітшілікпен қатар өмір сүре алу принципі кәзіргі жағдайларда қажет қана емес, сонымен бірге, мүмкін және бәріне тиімді болып табылады. Бұл бейбітшілікпен қатар өмір сүруді қандай алауыздықты болса да шешу үшін келіссөздер әдісін қолданып қана қамтамасыз етуге болады. Бүкіл дүние жүзінде бейбітшіліктің сақталуына қатер болып табылатын проблемалар әлі бар; оларды келіссөздер жолымен шешуге жетісу қажет, ақырында, төртінші идеяның мәнісі — бірқатар дауыс табыстарға қарамастан біз өзіміздің күш-жігерімізді әлі босаңсыта алмаймыз. Біздің күш-жігерімізді қандай да болса босаңсыту қол жеткен нәтижелерді жоққа шығаруы ықтимал д'Арбусье Декларацияның жобасын жариялады. Бұл жобаны сессияға қатысушылар бірауыздан мақұлдады.

Келіссөздер жүргізу пайдасына бүкіл дүниежүзілік науқан ашу туралы ДЕКЛАРАЦИЯ

Соңғы айлардағы оқиғалар барлық халықаралық алауыздықтарды бейбітшілікпен шешуге болатындығына халықтардың көзін жеткізді.

Халықтардың табанды және қажырлы күрес жүргізу жолымен бейбітшілікті жеңісіне жете алатындығын олар терең түсініп келеді.

Июньнің 15-нен 20-на дейін Будапеште мәжілісін өткізген Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі халықаралық даулы мәселелерді бейбітшілікпен шешу мақсатымен келіссөздерді басталуы үшін халықтарды өз күштерін екі есе арттыруға шақырады.

Әрбір халық өзінің тұрмыс салтын таңдап алуға праволы және басқа халықтардың еркін таңдап алған тұрмыс-салтын құрметтеуге тиіс.

Сонымен, әртүрлі системалардың бейбітшілікпен қатар өмір сүру қажеттігі мүмкіндікке айналып келеді, ал, халықтар арасындағы байланыстар барлық елдер үшін тиімді болып келеді.

Бұл қатар өмір сүру барлық жанжалдар мен таластардың келіссөздер жүргізу жолымен шешілуіне тиіс екендігін көрсетеді.

Кореяда бейбітшілік орнатуды көздеген уақытша бітімге кәзірдің өзінде қол жеткен келісімдер негізінде дереу қол қойылуға тиіс. Жаңа кедергілердің қандайы болса да жаңа құрбандықтарға, бүліншіліктер мен қайғы-қасреттерге ұшыратады. Халықтардың тәуелсіздігіне қарсы жүргізіліп жатқан соғыстар мен агрессиялық қыймылдар да дәл осындай болып тоқталуға тиіс. Ұлт-азаттық қозғалысының қандайына болса да қарсы қару жұмсау халықаралық шиеленістің факторы болып табылады және соғыс ошақтары тудыруы ықтимал.

Герман халқы өз көршілерінің хауіпсіздігін құрметтеп, милитаризм мен кекқұмарлықтың қайта жандануына жол

бермеген күнде қайта қосылуға және ұлттық суверенитетін алуға праволы.

Жапония барлық мүдделі елдер мойындаған және Азия мен Тынық мұқит халықтарының хауіпсіздігіне кепілдік беретін бітім договоры негізінде өзінің ұлттық суверенитетін толық алуға тиіс. Егер халықтар өз суверенитетін қадірлетіп, өз тұрмысын орнатуға шетелдің қол сұғуына қарсы, соғыс базаларына және шетелдік әскерлердің қандай да болса оқуацияларына қарсы жүретін болса, онда халықтардың хауіпсіздігін және бейбітшілігін сақтауды қамтамасыз етуге болады.

Хауіпсіздікті бірте-бірте орнату жанталаса қарулануды тоқтатуға, келіссөздердің көмегімен қару-жарақты азайту ісіне кірісуге және бұл кезге дейін бүліншілік пен өлім істеріне жұмсалып келген ресурстарды барлық халықтар үшін неғұрлым жоғары тұрмыс дәрежесін жасау ісіне жұмсауға мүмкіндік береді.

Барлық елдер арасында теңдік, өзара тиімділік негізінде және ешқандай кемсітусіз экономикалық және мәдениет байланыстары орнатылуға тиіс.

Келіссөздер оқиғалардың барысын өзгертеді. БҰҰ егер ол өз Уставының рухына берілген болса, осы келіссөздерге көмектесе алады. Ол өздерін қабылдауды өтінген барлық мемлекеттерді қабыл алуға тиіс. Қытай, басқа ұлттар сыяқты, өзі сайлаған үкметі арқылы Біріккен Ұлттар Ұйымында болуға тиіс.

Осылардың бәріне сүйене отырып, Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі келіссөздер жүргізу пайдасына халықаралық кең науқанды өрістетуді ұйғарады. Осы науқанның барысында халықтар мемлекеттер арасындағы барлық жанжалдар мен талас мәселелерді бейбітшілікпен шешу жөніндегі өз талабын алуан түрлі ұйымдасқан формаларда білдіреді.

Тек халықтар ғана үздіксіз күресіне отырып, келіссөздерге, келісімге және бейбітшілікке жете алады.

жерде пленумдарды өткізу жөніндегі оңдандық кемшіліктер негізінен жойылды дегуге болады. Быйыл барлық аудандық партия комитеттері пленумдарды айына бір рет үнемі өткізін тұратын болды. Пленумдарды кезінде өткізу практикасы кейбір қызметкерлердің түрлі себептерді бетке ұстап, оны өткізбеу немесе кешіктіру жөніндегі желеулерін жоққа шығарды. Дегенмен түрлі сылтауларды айтып, пленумдарды өткізу мерзімін кешіктіргісі келетін қызметкерлер әлі де болса жоқ емес. Быйыл көктемгі егіс кезінде Октябрь, Мамлют және Совет аудандық партия комитеттері пленумдарды өткізу жөніндегі мерзімді бұрмалады.

Өңгіме тек пленумдарды кезінде өткізіп, оның талқылауына партия ұйымының маңызды мәселелерін қоюға ғана емес. Әресе, пленумның күн тәртібіндегі мәселенің қызу талқылануы, істегі кемшіліктер жөнінде қатаң сын мен өзара сынның болуы және қарардың дұрыс қабылдануы қажет. Егер аудандық, қалалық партия комитеттерінің басшылары пленумның жұмысын талқылауып отырған мәселені шешуге пленумға қатысушылардың басым көпшілігі ат салысатындай етіп, басқара алмаса пленумның ойдағыдай өтпеуі мүмкін. Мұның бәрі пленумды өткізудің әзірлігіне байланысты.

Бұл жөнінде қалалық және Преснов аудандық партия комитеттерінің тәжірибелері

масын әділ әрі орынды сынады.

Өрине, баяндаманың тиісті фактілерсіз, мысалдарсыз болуы мүмкін емес. Өйткені, онсыз құрғақ сөз ешқандай пайда келтірмейді. Сонымен қабат, баяндама фактілердің тізбегі де емес. Олай болса, тиісті фактілер мен мысалдардан дәйекті қорытындылар жасалуы қажет. Баяндама партия ұйымының жұмысына терең талдау жасап, партиялық жұмыстың және шаруашылық құрылыстың практикалық тәжірибелерін жыйнақтауға басшылық ету ісіндегі кемшіліктер мен қателіктердің бегін бағыт ашуға тиіс. Тек осы жағдайда ғана жұмысымызға баға беруге, сонымен қабат, алдағы міндеттерді дұрыс белгілеуге болады.

Тағы да бір мысал. Осы жылғы 30 майда Бонюхов аудандық партия комитетінің пленумы жас коммунистермен жұмысты жақсарту шаралары туралы мәселе талқылады. Бұл жөнінде баяндама жасаған аудандық партия комитетінің бөлім меңгерушісі Лукьянов жолдас өзінің мәселемен жете таныспағанын байқатты. Баяндамада жас коммунистерді тәрбиелеуде партиялық тапсырмалардың ролі, партия мүшелігіне кандидаттардың жауапкершілігін арттыру жөнінде, аудандық партия комитетінің жұмысы жөнінде де мардымды ештеңе айтылмады.

Баяндаманың әсерлі болмауы күн тәртібіне қойылған мәселені талқылаудың маңызын төмендетеді. Демек, пленумда

әдіс пленумның маңызын төмендетіп оны партия, совет және шаруашылық активінің әдеттегі кеңесіне айналдырады.

Пленумның әзірлігі және оны өткізу тек істің бастамасы ғана. Ұйымдастыру жұмысымен бекітілмеген қарарлар жүзеге асырылмай, қағаз жүзінде қалып қою мүмкін. Өткен жылы март айында Мамлют аудандық партия комитетінің пленумында кадрлармен жұмыстың жайы және оны жақсарту шаралары туралы мәселе талқыланып, бұл жөнінде жап-жақын қарар қабылданды. Аудандық партия комитеті мұндай маңызды қарардың орындалуын ұйымдастырудың орнына, оны пленум өтісімен ұмыт қалдырды. Жақында болған тексерістің нәтижесі ол қарардың бірде-бір пункті орындалмағанын көрсетті.

Партияның XIX съезі қойған тарихи міндеттердің мұлтіксіз жүзеге асырылуы партия комитеттерінің ұйымдастыру жөніндегі ролін арттыра беруді талап етеді. Партия комитеттерінің пленумдарын кезінде және жоғары дәрежеде өткізу—партиялық-ұйымдық және партиялық-саяси жұмысты, шаруашылық және мәдени құрылысқа басшылықты онан әрі жақсарту берудің маңызды шарты болып табылады.

М. ЯКОВ,

ҚКП облыстық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол органдары бөлімі меңгерушісінің орынбасары.

ССРО-ның Мемлекеттік заемы

Коммунистік партия мен Совет үкметінің басшылығы арқасында совет халқы барған сайын тамаша табыстарға жетуде. Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директивалары мен қарарлары социалистік шаруашылықты өркендетудің жаңа жолдарын белгілеп берді. Бұл күндері миллиондаған совет адамдары бесінші бесжылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін еселенген жігермен еңбек етуде.

Елімізде ұлы құрылыстардың салынуы көптеген қаржыны керек етеді. Бұл қаржының көпшілігі үздіксіз өсіп отырған социалистік шаруашылық кірісінен алынады. ССРО бюджетінің 80 проценттен артығы социалистік мекемелер мен ұйымдардан түскен қаржылардан құралады. Ал, Мемлекеттік заемнан түскен қаржы халық шаруашылығын өркендетуге жұмсалады.

Совет заемы халық шаруашылығы мен мәдениет құрылысы саласында бұрын-соңды болып көрмеген жаңа табыстарға жетуге көмектеседі. Совет заемдары соғыстан кейінгі етальдік бесжылдықтарды табысты орындауға, соғыс түсірген жарақатты қысқа мерзімде жазуға, сойтіп, соғыс кезінде бүлінген шаруашылығымызды қалпына келтіріп, тез өркендетуге көмектесті.

Біздің елде коммунизмнің ұлы құрылыстарының салынуы және басқа азаматтық құрылыстардың кең көлемде жүргізілуі ССРО-ның бейбітшілік саясатын айқын бейнелейді.

Совет заемы социалистік өндіріс пен халық шаруашылығын өркендетумен бірге еңбекшілердің әл-ауқатының, мәдениетінің өркендеуіне жәрдемдесіп отырады. Мемлекеттік заемнан түскен қаржының сомасы жыл сайын өсіп отыр. Ұлы Отан соғысы жылдарында заемнан түскен қаржы 76 миллиард сомға жетті, бұл соғысқа дейінгі жылдарды алып қарағанда, одан біржарым есе артық. Соғыстан кейінгі бірінші бесжылдықта заемнан түскен қаржының сомасы 130 миллиард сомға жетті.

ССРО-ның Мемлекеттік заемы—халықтық заем. Бұл күндері 70 миллионнан астам адамдарымыздың өз еркімен заемға жазылуы, оның жалпыхалықтық екенін толық дәлелдейді.

Совет заемы мен облигациялары оны ұстаушыларға да көп пайда келтіреді. Тек соғыстан кейінгі бесжылдықтардың өзінде ғана заем ұстаушыларға 17 миллиард сом, ал, 1952 жылы 7 миллиард сом ұтыс төленді.

Облысымыздың еңбекшілері соғыстан ке-

йінгі бесжылдық жылдарында мемлекетімізге қарызға 240 миллион сом қаржы берді. Мұнымен бірге, 1952 жылы облысымыздың сақтық кассалары облыс еңбекшілеріне 10 миллион сом мөлшерінде ұтыс төледі. 1953 жылғы 1 июньге дейін болған тираждарда 4.858 мың сом мөлшерінде 7 рет заем ұтыстары төленді.

1952 жыл мен 1953 жылдың соңғы бес айында Булаев ауданының облигация ұстаушылары 50 мың сомнан 3 ұтыс, Соколов ауданының еңбекшілері 25 мың сомнан 2 ұтыс, Полудень, Совет, Ленин және басқа аудандар мен қала 5 мың сомнан 10 мың сомға дейін бірнеше ұтыстар алды.

Совет адамдары өздерінің қажырлы еңбегімен, нақты еңбек ақысымен елімізде коммунистік қоғам орнату жолындағы күресте күн сайын жаңа табыстарға жетуге, Отанымыздың хауіпсіздігін нығайтуға көмектесуде.

Облыс еңбекшілері быйыл да жаңа заемға бір адамдай жазылып, коммунистік партия мен Совет үкметіне өздерінің шексіз берілгендігін тағы да көрсетеді.

В. ДАМАСКИН,

Облыстық сақтық кассасы басқармасы оперативтік бөлімінің бастығы.

Бұдан соң Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советі Бюросының мүшесі Эмилио Серени (Италия) сөйледі, ол сессияның келіссөздер жүргізу жолындағы науқанды өткізудің формалары мен әдістері туралы мәселені талқылаған комиссияның жұмыс қорытындысын шығарды.

Бұл науқанда қолданылуға тиісті іс жүргізу формалары мен әдістері туралы айта келіп, Серени оған жаппай сипат беру қажеттігін, науқанның әрбір жеке адамды қозғап, оны бейбітшілік және келіссөздер жүргізу жолындағы күреске жұмылдыратындай болуы қажеттігін көрсетті. Бұл науқанда іс жүргізудің маңызды әдістердің бірі, деді шешен, әртүрлі қоғам ұйымдарының өкілдеріне, парламент және үкмет мүшелеріне біздің талаптарымызды білдіретін делега-

циялар жіберу болып табылады. Іс жүргізудің басқа әдістері мен жолдары науқанның барысында тәжірибе ауысу ретінде жасалатын болады.

Қысқа үзілістен кейін мәжіліс д'Астье де ла Вижеридің председателдік етуімен одан әрі созылды. Ол Пьер Котқа (Франция) сөз берді.

Сессия жұмысының қорытындысын шығара келіп, Пьер Кот оны көмекке қол ұсынған сессия деп атады. Бізде, деді ол, бір ұсыныс—халықаралық жағдайды жеңілдету, бір ой—келіссөздер жүргізу, бір қамқорлық—бейбітшілік ісі бар.

Бұдан кейін сөз сөйлеген Индия делегациясының басшысы Сокхэй Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бұл сессиясы бейбітшіліктің бүкіл дүниежү-

зілік майданы жұмысындағы алға басқан қадам болатындығын айтты. Сокхэй Индия делегациясы оның келіссөздер жүргізу пайдасына науқан жариялаудың бірінші дәрежелі маңызы барлығы туралы ұсынысын Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің қабыл алуымен байланысты үлкен қанағаттанғандық сезімде екендігін білдірді.

Мәжілістің қорытындысында Эм. д'Астье де ла Вижери сөз алды, ол шақырылған қайраткерлерге олардың Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің жұмысына қатысқандықтары үшін, сол сияқты, венгер ұйымдары мен олардың қайраткерлеріне олардың меймандостығы үшін алғыс айтты.

Д'Астье де ла Вижери Үндеудің жобасын жариялады. Үндеу бірауыздан қабылданды. Онда былай делінген:

Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің ҮНДЕУІ

1953 жылғы 20 июнь.

Ұлы үміт туды. Келісімге келудің мүмкіндігін кәзір әрбір адам көріп отыр. Қан төгушілікті біржолата тоқтатуға болады. Қырғиқабақ соғысты тоқтатуға болады.

Бұл күндерде біз халықтарды өздерінің үкметтерінен олардың келіссөздер жүргізу жолымен келісімге келуін талап етуге салтанатпен шақырамыз.

Біз қандай үкметтің болса да жанжалдарды бейбітшілікпен шешу мақсатына бағытталған қандай бастамасын болса да қостауға тиіспіз. Біз келісімге келуге кедергі жасаушылардың немесе оны созпақтаушылардың іс әрекеттеріне жол бермеуге тиіспіз.

Бейбітшілік ісінің жеңісі жақын. Оған жету бізге байланысты.

Д'Астье де ла Вижери Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің сессиясы жабық деп жариялады.

Редактор **Е. МУХАМЕДЖАНОВ.**

ПЕТРОПАВЛДЫҢ К. Д. УШИНСКИЙ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК МУҒАЛІМДЕР ИНСТИТУТЫ

1953—54 оқу жылына студенттер қабылдайды.

Институтта үш бөлім бар:

1. Орыс тілі мен әдебиет,
2. Жаратылыстану-география,
3. Физика-математика.

Институт жетіжылдық және орта мектептердің V-VII кластарына орыс тілі мен әдебиет, жаратылыс тану мен география, физика және математика пәндерінен сабақ беретін мұғалімдер даярлайды.

Институтта оқу мерзімі екі жыл. Институтқа 17 жастан 35 жасқа дейінгі орта білімі бар ССРО-ның ер және әйел азаматтары алынады.

Институтқа түсушілер мына пәндер бойынша қабылдау емтиханын тапсырады:

1. Орыс тілі мен әдебиет бөліміне түсушілер: а) орыс тілі мен әдебиеттен, б) ССРО тарихынан, в) географиядан;
2. Жаратылыс тану-география бөліміне түсушілер: а) орыс тілі мен әдебиеттен, б) географиядан, в) химиядан;
3. Физика-математика бөліміне түсушілер: а) орыс тілі мен әдебиеттен, б) математикадан, в) физикадан.

Орта мектепті алтын не күміс медальмен бітіргендер қабылдау емтиханынсыз алынады. Сол сияқты, педагогикалық училищені үздік бағалармен бітіріп, бес процентке ілеккендер де қабылдау емтиханынсыз алынады.

Институтқа түсу жөнінде қалаған мамандығы көрсетілген арыздар осы жылдың 20 июнінен 31 июліне дейін қабылданады.

Қабылдау емтихандары августың 1-нен 20-на дейін өткізіледі. Арыздар институт директорының атына жазылып, оған мынадай документтер тіркеледі: а) өз қолымен жазған өмірбаяны, б) орта мектепті бітіргендігі жөніндегі аттестаты не дипломы (түп нұсқасы), в) 3x4 см. мөлшерінде бас киіміз түскен үш фотосуреті, г) паспорты (өзі ала келеді), д) әскери билеті, не тіркеу куәлігі (өзімен бірге келеді).

Басқа жерден келген студенттерге жатақхана беріледі, пәтер үйлерде тұрғаны үшін айына 30 сом мөлшерінде ақы төленеді.

Стипендия жалпы ережеге сәйкес беріледі.

Институттың адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы, Киров көшесі, 37-үй.

Киноларда

«ЖАЗҒЫ КИНОТЕАТРДА»

«СИЛЬВА»

Сеанстар сағат 8-10-да басталады.

«ОКтябрь» КИНОТЕАТРЫНДА

«ДАУЫЛ»

Сеанстар сағат 4-6-8-де басталады.

НОД—2 жұмысшыларды жабықтау бөлімінің дүкендерінде арзандатылған өнеркәсіп товарлары сатылады.

Арзандатылған товарларға өткен жылғы маусымдарда сатылмай қалған жоғары сапалы товарлары жатады. Товарлар 10 проценттен 40-50 процентке дейін арзандатылған бағамен сатылады.

Магазиндердің адресі: Станция базары, № 60 шаруашылық товарлар дүкені.

Колхоз базарындағы № 65 ларек.

«Қазақстанның 10 жылдығы» артеліне жұмысшылар мен цехта жұмыс істеу үшін оқушылар КЕРЕК. Адрес: Базарбаев көшесі, 52-үй.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.